**Абдраимова Молдир Рашидовна** — PhD, қауым. профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, E-mail: abdraimova87@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8040-512>;

**Сейтбекова Кәрима Жайсаңбекқызы** — PhD, аға оқытушы. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Химия кафедрасы, Алматы, Қазақстан, E-mail: karina-14@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5261-0482>.

**Аннотация.** Қазіргі таңда перовскит құрылымды көпфункционалы материалдарды синтездеу ғылыми тұрғыда ерекше қызығушылық тудырып отыр, себебі олардың құрылымдық және морфологиялық ерекшеліктері жаңа функционалдық қасиеттерге жол ашады. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты –  $\text{Fe}_{0.84}\text{Mn}_{1.12}\text{O}_3$  және  $\text{In}_{0.12}\text{Fe}_{1.88}\text{O}_3$  негізіндегі композициялық материалды синтездеп, оның құрылымдық және морфологиялық сипаттамаларын жан-жақты талдау. Мұндай астехиометриялық перовскиттерді синтездеуге арқау болған классикалық 3D перовскиттермен салыстырғанда көпфункционалы қасиеттері мен құрылысының өзгеруі. Синтездеу үшін золь-гель әдісіне негізделген Печини әдісі қолданылды. Фазалық құрамы мен кристаллографиялық мәндері рентген фазалы талдау (XRD) әдісі арқылы анықталды. Ал, беттік микроөлшемі мен элементтік таралу картасы сканерлеуші электронды микроскоп (SEM) құрылғысында талданды. XRD нәтижелерінен алынған ең жоғарғы интенсивті шындрдағы сандық мәліметтерге

негізделе отырып Шеррер теңдеуі арқылы композиттің орташа микроөлшемдері анықталды. Алынған нәтижелер бойынша ұнтақ өнім құрамындағы  $\text{Fe}_{0.84}\text{Mn}_{1.12}\text{O}_3$  фазасы кубты Ia-3 (206) кеңістіктік тобында, ал  $\text{In}_{0.12}\text{Fe}_{1.88}\text{O}_3$  фазасы кубты Pna21 (33) кеңістіктік тобында түзілгендігі анықталды. Сондай-ақ, SEM нәтижері бойынша 10  $\mu\text{m}$  микросуреттегі беттік орташа өлшемі 0,547  $\mu\text{m}$  екендігі анықталды. Сонымен қатар, энергия-дисперсиялық рентгендік спектроскопия (EDX) талдауы элементтердің біркелкі таралуын көрсетті. FTIR (Фурье түрлендіру инфрақызыл спектроскопиясы) металл–оттегі байланыстарының тербеліс модаларын көрсетті: 666  $\text{cm}^{-1}$  аймағындағы негізгі шың Fe–O және Mn–O байланыстарына сәйкес келді. Бұл нәтижелер Fe–Mn және In–Fe негізіндегі оксидтердің бірігуі құрылымдық тұрақтылығын әрі морфологиялық тұрғыдан жаңа композит түзе алатынын көрсетті.


**Түйін сөздер:** астехиометриялық перовскит, композит материал, рентгендік талдау, SEM, Шеррер теңдеуі

© М.М. Матаев, З.Б. Сарсенбаева\*, М.А. Нурбекова, М.Р. Абдраимова, К.Ж. Сейтбекова, 2025.

Казахский национальный женский педагогический университет,  
Алматы, Казахстан.

E-mail: sarsenbayeva.zamira@qyzpu.edu.kz

## СИНТЕЗ И МОРФОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ КОМПОЗИТА



**Матаев Мухаметкали Мусағалиевич** — доктор химических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, кафедра Химии, Алматы, Казахстан,  
E-mail: mataev\_06@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9057-5443>;

**Сарсенбаева Замира Беркбайқызы** — магистр педагогических наук, преподаватель, Казахский национальный женский педагогический университет, кафедра Химии, Алматы, Казахстан,  
E-mail: sarsenbayeva.z@qyzpu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-7434-0441>;

**Нурбекова Маржан Абдыжапаровна** — кандидат химических наук, и.о. асоц. профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, кафедра Химии, Алматы, Казахстан,  
E-mail: marzhan85@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7258-3338>;

**Абдраимова Молдир Рашидовна** — PhD, и.о. асоц. профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан,  
E-mail: abdraimova87@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8040-512>;

**Сейтбекова Карима Жайсанбекқызы** — PhD, старший преподаватель, Казахский национальный женский педагогический университет, кафедра Химии, Алматы, Казахстан,  
E-mail: karina-14@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-5261-0482>][<https://orcid.org/0000-0001-5261-0482>]

**Аннотация.** В последние годы синтез multifunctional материалов с перовскитной структурой привлекает особое внимание исследователей, так как их уникальные структурные и морфологические характеристики открывают новые возможности для практического применения. Цель настоящей работы заключалась в синтезе композиционного материала на основе  $\text{Fe}_{0.84}\text{Mn}_{1.12}\text{O}_3$  и

$\text{In}_{0.12}\text{Fe}_{1.88}\text{O}_3$  и комплексном исследовании его фазовых, кристаллографических и морфологических свойств. Синтез образцов был осуществлён методом Печини на основе золь-гель технологии. Фазовый состав и параметры кристаллической решётки определялись методом рентгенофазового анализа (XRD), а средний размер кристаллитов рассчитывался по уравнению Шеррера. Морфология поверхности и распределение элементов исследовались с помощью сканирующей электронной микроскопии (SEM) и энергодисперсионной рентгеновской спектроскопии (EDX). Согласно результатам XRD, фаза  $\text{Fe}_{0.84}\text{Mn}_{1.12}\text{O}_3$  формируется в кубической сингонии Ia-3 (206), а фаза  $\text{In}_{0.12}\text{Fe}_{1.88}\text{O}_3$  соответствует пространственной группе Pna21 (33). SEM-анализ показал, что средний размер частиц составляет 0,547  $\mu\text{m}$  при масштабе 10  $\mu\text{m}$ , а EDX подтвердила равномерное распределение элементов. FTIR-спектроскопия зафиксировала характерные колебания связей Fe–O и Mn–O в области 666  $\text{cm}^{-1}$ . Полученные результаты подтверждают о возможности формирования структурно устойчивого и морфологически однородного композита, перспективного для применения в электрохимических и каталитических системах.

**Ключевые слова:** астехиометрический перовскит, композиционный материал, рентгеновский анализ, SEM, уравнение Шеррера

**Кіріспе.** Перовскиттер – бұл  $\text{ABX}_3$  (A – кубтың бұрыштарында орналасқан катион, B – кубтың центрінде орналасқан катион, X – әдетте оттегі немесе галоген болатын анион, ол кубтың қырларының орталықтарын толтыратын) құрылымға ие кристалдық материалдар. Бұл құрылым өзінің атауын перовскит минералына (кальций титанаты,  $\text{CaTiO}_3$ ) байланысты алған. (Arya et al., 2020; Bispo-Jr et al., 2022). Олар A және/немесе B позицияларында периодтық кестедегі металдардың шамамен 90%-ын құрылымдық тұрақтылығын сақтай отырып енгізе алады. Бұл катиондық алмастырудың толық немесе жартылай жүзеге асырылуы арқылы айрықша қасиеттерге ие жаңа қосылыстардың кең көлемде синтездеуге мүмкіндік береді (Ramya et al., 2025; Mantilla et al., 2024). Перовскит құрылымының кубтық симметриясы және деформацияға икемділігі бұл материалдарды материалтану саласында, әсіресе электроникада, өткізгіштік және күн энергиясын түрлендіру технологияларында кеңінен зерттелетін маңызды материалдық жүйеге айналдырады (Lee et al., 2025). Олардың ішінде  $\text{FeMnO}_3$  перовскиттік құрылымы кең таралуы, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз өндіріс тәсілдері және жоғары электрохимиялық сипаттамалары арқасында көптеген зерттеушілердің қызығушылығын тудырады (Abdollah Lachini et al., 2025).

Манганиттер, жалпы  $\text{A}_{1-x}\text{R}_x\text{MnO}_3$  формуласымен сипатталатын, құрамында әртүрлі A және R катиондары болғандықтан және марганец иондарының аралас валенттілігіне байланысты ерекше электрлік әрі магниттік қасиеттерге ие (Kresin, 2005; Barber, 2007). Бұл жүйеде заряд, тор, спин және орбиталь дәрежелерінің өзара бәсекелестігі күрделі физикалық қасиеттер мен құбылыстардың пайда болуына әкеледі.  $\text{A}_{1-x}\text{R}_x\text{MnO}_3$  құрамындағы Mn ионы аралас валентті күйде болады ( $\text{Mn}^{3+}$  және  $\text{Mn}^{4+}$ ) және алты оттегі ионымен координацияланып,  $\text{MnO}_6$  октаэдрін түзеді.  $\text{Mn}^{3+}$ -O-Mn<sup>4+</sup> арасындағы қосарлы алмасу ферромагниттік реттелуге ықпал етсе

(Geilhufe et al., 2019; Mohanta et al., 2019),  $Mn^{3+}$ -O- $Mn^{3+}$  (Matou et al., 2017) және  $Mn^{4+}$ -O- $Mn^{4+}$  супералмасу процестері антиферромагниттік реттелуге алып келеді (Leonarska et al., 2017; Madkhli, 2024). Электрондар мен тордың өзара әрекеттесуі Яна-Теллерлік бұрмалануға және  $MnO_6$  октаэдрлерінің пішінінің өзгеруіне себеп болады (Przybytek et al., 2018). Бұл құбылыстар парамагниттік күйден ферромагниттік күйге, сондай-ақ изолятордан металлға ауысу процестерімен қатар жүреді (Helton et al., 2019). Сонымен қатар, жүйе сыртқы магнит өрісінің әсерінен айтарлықтай теріс магниттік кедергіні көрсетеді. Қысымның әсерінен  $MnO_6$  октаэдрлерінде анизотропты құрылымдық өзгерістер байқалады, изолятор-металл ауысуы орын алады, ферромагниттік ауысу температурасы (Tc) артады және намагнитченость күшейеді (X. Zhang et al., 2024).  $Fe_{0.84}Mn_{1.12}O_3$  – темір мен марганецтен тұратын оксидтік жүйе, құрамында марганец мөлшері жоғары болуымен окшауланады. Мұндай материалдар перовскит тәрізді құрылымындағы құрылысының өзгерісі және олардың әртүрлі қасиеттеріне әсері үлкен қызығушылық тудырды.

Бинарлы оксидтер жүйесінде  $MFeO_3$  ( $M = In, Y, Eu-Lu$ ) жалпы формуласына ие үштік ферриттер ерекше физикалық және құрылымдық қасиеттерінің арқасында іргелі ғылыми зерттеулер үшін өзекті нысан болып табылады (Nahrstedt et al., 2021).  $InFeO_3$   $\alpha$ - $Fe_2O_3$  сияқты дәстүрлі фотоэлектродтармен салыстырылатын фототок көрсетеді және сонымен қатар УФ аймағында жоғары фототокқа ие (B. Zhang et al., 2020).  $In_{1-x}Yb_xFeO_3$  ( $x = 0,1; 0,2; 0,3$ ) мультиферроиктерінің  $Yb$  иондарымен алмастыру нәтижесінде 500 К төмен температурада әлсіз ферроэлектрлік және ферромагниттік қасиеттер байқалды және 500 К маңында диэлектрлік қасиеттерінің өзгерісін көрсетті, бұл оларды микроэлектроникада қолдануға перспективалы етеді (Zhou et al., 2023).  $In_{0.12}Fe_{1.88}O_3$  – индиймен легирленген темір оксидінің ( $Fe_2O_3$ ) модификацияланған нұсқасы. Индий иондары  $Fe^{3+}$  иондарын алмастырып, кристалдық торда өзгерістер түзіп, материалдың қасиеттерін өзгерте алады. Мұндай құрылымдық өзгерістер оның өткізгіштігіне және катализаторлар сияқты түрлі қолданбаларда тиімділігін зерттеу қазіргі таңда үлкен жол ашады.

Зерттеудің мақсаты  $Fe_{0.84}Mn_{1.12}O_3-In_{0.12}Fe_{1.88}O_3$  негізіндегі композициялық материалды золь-гель әдісіне негізделген Печини тәсілі арқылы синтездеп, оның фазалық құрамы, кристаллографиялық параметрлері мен морфологиялық ерекшеліктерін кешенді түрде зерттеу.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері.**


Келесі реактивтер қолданылды: марганец (II) нитраты ( $Mn(NO_3)_2 \cdot xH_2O$ , Buchs, Швейцария); темір (III) нитратының 9-сулы кристаллогидраты (х.т., ТУ 6-09-02-553-96 Мәскеу, Ресей Федерациясы); индий (III) оксиді, 99,9% (ТУ 6-09-4732-79, Ресей).

Өлшеу құралдары мен әдістері: зертханада қолданылған ағаттық ступка (Бразилия ағаты, қолданылған, диаметрі – 13 см (130 мм)). Фазалық құрамды анықтау үшін және элементтік картасын анықтау үшін рентгенофазалық талдау әдісі (MINIFLEX 600 Rigaku) мен сканерлеуші электрондық микроскоп (TM4000Plus) қолданылды. Рентген нәтижелерін талдау үшін PDF-5+ (2024) ICDD базасы қолданылды.



### Эксперименттік бөлім

$\text{Fe}_{0.84}\text{Mn}_{1.12}\text{O}_3\text{-In}_{0.12}\text{Fe}_{1.88}\text{O}_3$  қос фазалы наноматериалы золь-гель (Печини) әдісі арқылы синтезделді (Mataev et al., 2024). Марганец пен темір нитраттары индий оксидімен (In) легирленді, оның соңғы өнімдегі мөлшері 1%-ды құрады. Металл нитраттары стехиометриялық пропорцияда есептеліп, лимон қышқылы мен этиленгликольдің (гель түзуші агент) қатысуымен өңделді. Темір және марганец нитраттарын 10 ммоль мөлшерде, ал индий (III) оксидінен 0,2 ммоль өлшеніп алынды. Түзілген гель 120°C температурада 12 сағат бойы қыздырылып, алынған кеуекті өнім қайта ұнтақталып, 600-1300°C диапазонында 6 сағат бойы күйдірілді.




1-сурет.  $\text{Fe}_{0.84}\text{Mn}_{1.12}\text{O}_3\text{-In}_{0.12}\text{Fe}_{1.88}\text{O}_3$  синтездеу технологиясы

Нәтижесінде астехиометриялы перовскит құрылымындағы екіфазалы композит алынды. Алынған күрделі оксидті қосылыстың элементтік құрамы мен кристалдық құрылымы SEM және XRD әдістері арқылы зерттелді.


### Нәтижелер.

#### XRD әдісімен талдау нәтижелері

Синтезделген қос перовскитті феррит-манганиттің құрылымдық ерекшеліктері мен фазалық құрамын зерттеу рентгенофазалық талдау әдісі арқылы жүзеге асырылды. Поликристалды үлгілер ұнтақталған күйде бөлме температурасында Rigaku Miniflex 600 (Жапония) үстелдік рентгендік дифрактометрінде талданды.




2-сурет.  $\text{Fe}_{0.84}\text{Mn}_{1.12}\text{O}_3\text{-In}_{0.12}\text{Fe}_{1.88}\text{O}_3$  композитінің дифрактограммасы



3-сурет.  $\text{Fe}_{0.84}\text{Mn}_{1.12}\text{O}_3$  (а) және  $\text{In}_{0.12}\text{Fe}_{1.88}\text{O}_3$  (б) фазаларының құрылысы және фазалық қатынасы.

*Фурье-ИК (FTIR) әдісі арқылы талдау нәтижелері*

FTIR спектроскопиялық талдауы Bruker ALPHA (Ettlingen, Germany) спектрометрінде, бөлме температурасында,  $1 \text{ cm}^{-1}$  спектрлік ажыратымдылықпен жүргізілді. Өлшеу KBr таблеткаларын пайдалана отырып,  $4000\text{--}400 \text{ cm}^{-1}$  жиілік диапазонында орындалды.




4 – сурет.  $\text{Fe}_{0.84}\text{Mn}_{1.12}\text{O}_3\text{-In}_{0.12}\text{Fe}_{1.88}\text{O}_3$  композитінің FTIR спектрі


*SEM-EDX әдісімен талдауы*

Ұнтақталған  $\text{Fe}_{0.84}\text{Mn}_{1.12}\text{O}_3\text{-In}_{0.12}\text{Fe}_{1.88}\text{O}_3$  үлгілерінің беткі құрылымын зерттеп, элементтік құрамын анықтау үшін сканерлеуші электрондық микроскопия


(SEM) әдісі қолданылды. Зерттеулер TM4000Plus (Жапония) құрылғысымен жүргізілді. Элементтердің құрамын анықтау үшін SEM жүйесіне біріктірілген энергия-дисперсиялық рентгендік спектроскопия (EDX) әдісі қолданылды. 10  $\mu\text{m}$  масштабында SEM әдісі арқылы беткі өлшеулер жүргізіліп, фазалардың құрамындағы элементтердің таралуы анықталды.



а)



ә)



б)

5 – сурет (а,ә,б).  $\text{Fe}_{0.84}\text{Mn}_{1.12}\text{O}_3\text{-In}_{0.12}\text{Fe}_{1.88}\text{O}_3$  СЭМ микросуреті: (а) 10  $\mu\text{m}$  беттік өлшемі, (ә) бөлшектердің орташа өлшемі және (б) элементтердің таралу картасы.

### Нәтижелер мен талқылау.

#### XRD нәтижелерін талқылау

Рентгенофазалық талдау нәтижелері көрсетілген, және алынған мәліметтерге сәйкес, перовскит типіндегі нанокұрылымдық қос фаза түзілген, оның фазалық қатынасы 93:7 екендігі 3(а)-суретте көрсетілген, ал 2(ә)-суретте шындарының сәйкестігі 58% бен 42% құрайтындығы және 3(а,ә)-суреттерде фазалардың құрылысы анықталды.

№1 кесте – Кристаллографиялық сандық талдау нәтижелері.

№	Қосылыс атауы	Сингония түрі	a, Å	b, Å	c, Å	V <sub>қя.</sub> , (Å <sup>3</sup> )	Z	D (крис. өлшемі, nm)	Кеңістіктік топ	Тығыздық ( $\rho_{x\text{-ray}}$ , g/cm <sup>3</sup> )
1	$\text{Fe}_{0.84}\text{Mn}_{1.12}\text{O}_3$	кубты	9.41	9.41	9.41	834.93	16	54.49	Ia-3 (206)	5.04
2	$\text{In}_{0.12}\text{Fe}_{1.88}\text{O}_3$	кубты	5.24	5.24	5.24	422.00	8	51.09	Pna21 (33)	5.19

1-кестеде алынған қос фаза кубтық кристалдық құрылымға ие.  $\text{Fe}_{0.84}\text{Mn}_{1.12}\text{O}_3$  фазасы Ia-3 (206) кеңістіктік тобында, ал  $\text{In}_{0.12}\text{Fe}_{1.88}\text{O}_3$  фазасы Pna21 (33) кеңістіктік тобында түзілген. Синтезделген үлгінің дифракциялық шыңдары (PDF-5+) перовскит тәрізді құрылымға сәйкес келетіні анықталды. Барлық үлгілерде айқын дифракциялық шыңдардың болуы олардың жоғары кристалдылық дәрежесін көрсетеді. Сәйкесінше, сингония түрлері, тор параметрлері (a, b, c), кеңістіктік топ, рентгендік тығыздық және рентгендік дифракция (XRD) деректеріне негізделген есептелген орташа кристалл өлшемдері (D) көрсетілген.

Орташа кристаллит өлшемі (D) Шеррер теңдеуі арқылы есептелді (Mataev et al., 2024):

$$D = k \lambda / \beta \cos \theta \quad (1)$$

Мұнда пішін коэффициенті (k) 0.94-ке тең, рентгендік сәуленің толқын ұзындығы  $\lambda = 1.5406 \text{ \AA}$ ,  $\beta$  – толық енінің жартысындағы максимум (FWHM), ал  $\theta$  – Брагг бұрышы (радианмен өрнектеледі). Жоғары интенсивтілікке ие дифракциялық шыңдарға сәйкес кристалл өлшемдері темір манганиті үшін 54.49 нм, ал индий ферриті үшін 51.09 нм болып анықталды.

#### *FTIR нәтижелерін талқылау*

Синтезделген композиттің FT-IR әдісімен талдау реакция процесін бақылау және алынған материалдардың сипаттамаларын анықтау үшін маңызды. Осы себепті, FT-IR спектроскопиясы микроқұрылымды  $\text{Fe}_{0.84}\text{Mn}_{1.12}\text{O}_3$ - $\text{In}_{0.12}\text{Fe}_{1.88}\text{O}_3$  материалындағы Mn-O және Fe-O байланыстарын зерттеу мақсатында жүргізілді.

Берілген FTIR спектрі  $\text{Fe}_{0.84}\text{Mn}_{1.12}\text{O}_3$ - $\text{In}_{0.12}\text{Fe}_{1.88}\text{O}_3$  қосылысындағы тербеліс модалары туралы ақпарат береді.  $666 \text{ cm}^{-1}$  аймағындағы негізгі пик металл-оттегі (Me-O) байланыстарының тербелістеріне сәйкес келеді. Бұл тербелістер темір және марганец оксидтерінің кристалдық торында, сондай-ақ индийдің оттегімен байланысын түсіндіреді.

#### *SEM-EDX нәтижелерін талқылау*

5-суретте (а,ә,б-суреттер)  $\text{Fe}_{0.84}\text{Mn}_{1.12}\text{O}_3$ - $\text{In}_{0.12}\text{Fe}_{1.88}\text{O}_3$  үлгісінің бөлшектерінің өлшемдер бойынша таралуы (а,ә) және SEM-EDX суреттері (б) көрсетілген. Поликристалдардың беттік өлшемдері ImageJ бағдарламасы арқылы өлшенді. Элементтердің таралуы мен кристалдардың орташа өлшемі  $0,547 \text{ \mu m}$  екендігі анықталды. СЭМ нәтижелері қосфазалы наноматериалда элементтердің массалық үлестері теориялық мәндерге сәйкес келетінін көрсетеді.

**Қорытынды.** Зерттеу барысында  $\text{Fe}_{0.84}\text{Mn}_{1.12}\text{O}_3$  және  $\text{In}_{0.12}\text{Fe}_{1.88}\text{O}_3$  негізінде алынған композиттік материал синтезделіп, оның морфологиялық және құрылымдық ерекшеліктері зерттелді. Синтездеу үшін золь-гельге негізделген Печини әдісі арқылы біркелкі және жоғары фазалық тазалыққа ие композиция алынды. РФТ нәтижелері зерттелген материалдардың кристалдық құрылымын және фазалық құрамын анықтауға мүмкіндік берді. Шеррер теңдеуі негізінде алынған деректер бойынша композициялық материалдың жоғары интенсивті шыңдардағы орташа кристаллит өлшемдері есептелді. СЭМ талдауы

материалдың микроқұрылымын және элементтік таралу картасын зерттеуге мүмкіндік берді. 10  $\mu\text{m}$  микрофотосуретінде беттік құрылымның орташа өлшемі 0,547  $\mu\text{m}$  екені анықталды. Өнімнің FTIR спектріндегі 666  $\text{cm}^{-1}$  шыңы Fe–O және Mn–O байланыстарының тербелістеріне сәйкес келеді, бұл қосылыстың құрылымдық ерекшеліктерін растайды. Бұл нәтиже материалдың біркелкілігі мен морфологиялық тұрақтылығын растайды.

Жалпы, алынған нәтижелер  $\text{Fe}_{0,84}\text{Mn}_{1,12}\text{O}_3\text{-In}_{0,12}\text{Fe}_{1,88}\text{O}_3$  композициялық материалының құрылымдық және морфологиялық қасиеттерін сипаттауға мүмкіндік берді. Алдағы зерттеулерде осы материалдың электрөткізгіштік және каталикалық қасиеттерін зерттеу қолға алынуда.

### References

- Abdollah Lachini S., Eslami A., & Chu, Q. (2025) Green synthesis of perovskite-type  $\text{FeMnO}_3$  nanoparticles: Study of its electrochemical hydrogen storage and catalytic activity on the thermal decomposition of ammonium perchlorate. *Journal of Alloys and Compounds*, 1010, 177486. <https://doi.org/10.1016/j.jallcom.2024.177486> (in Eng.).
- Arya S., Mahajan P., Gupta R., Srivastava R., Tailor N.K., Satapathi S., Sumathi R.R., Datt R., & Gupta V. (2020) A comprehensive review on synthesis and applications of single crystal perovskite halides. *Progress in Solid State Chemistry*, 60, 100286. <https://doi.org/10.1016/j.progsolidstchem.2020.100286> (in Eng.).
- Barber Z.H. (2007) Strain engineering of oxides. *Journal of Physics: Condensed Matter*, 19(22), 221001. <https://doi.org/10.1088/0953-8984/19/22/221001> (in Eng.).
- Bispo-Jr A.G., De Morais A.J., Calado C.M.S., Mazali I.O., & Sigoli F.A. (2022) Lanthanide-doped luminescent perovskites: A review of synthesis, properties, and applications. *Journal of Luminescence*, 252, 119406. <https://doi.org/10.1016/j.jlumin.2022.119406> (in Eng.).
- Geilhufe R.M., Guinea F., & Juricic V. (2019) Hund nodal line semimetals: The case of twisted magnetic phase in the double-exchange model. *Physical Review B*, 99(2), 020404. <https://doi.org/10.1103/PhysRevB.99.020404> (in Eng.).
- Helton J.S., Zhao Y., Shulyatev D.A., & Lynn J.W. (2019) Damping and softening of transverse acoustic phonons in colossal magnetoresistive  $\text{La}_0.7\text{Ca}_0.3\text{MnO}_3$  and  $\text{La}_0.7\text{Sr}_0.3\text{MnO}_3$ . *Physical Review B*, 99(2), Scopus. <https://doi.org/10.1103/PhysRevB.99.024407> (in Eng.).
- Kresin V.Z. (2005) Manganites. In *Encyclopedia of Condensed Matter Physics*. — P. 261–265. Scopus. <https://doi.org/10.1016/B0-12-369401-9/01159-1> (in Eng.).
- Lee H., Moon T., Lee Y., & Kim J. (2025) Structural Mechanisms of Quasi-2D Perovskites for Next-Generation Photovoltaics. *Nano-Micro Letters*, 17(1), 139. <https://doi.org/10.1007/s40820-024-01609-9> (in Eng.).
- Leonarska A., Kądziołka-Gawel M., Szeremeta A.Z., Bujakiewicz-Korońska R., Kalvane A., & Molak A. (2017) Electric relaxation and  $\text{Mn}^{3+}/\text{Mn}^{4+}$  charge transfer in Fe-doped  $\text{Bi}_{12}\text{MnO}_{20}\text{-BiMn}_2\text{O}_5$  structural self-composite. *Journal of Materials Science*, 52(4)7 — P. 2222–2231. <https://doi.org/10.1007/s10853-016-0515-2> (in Eng.).
- Madkhli A.Y. (2024) Simultaneous oxidation of  $\text{Mn}^{2+}$  to  $\text{Mn}^{4+}$  by devitrification of transparent glassy  $\text{Na}_2\text{Ge}_4\text{O}_9$ : Mn. *Ceramics International*, 50(14). — P. 24913–24920. <https://doi.org/10.1016/j.ceramint.2023.12.170> (in Eng.).
- Mantilla J.C., Nagamine L.C.C.M., Cornejo D.R., Cohen R., De Oliveira W., Souza P.E.N., Silva S.W.D., Aragón F.F.H., Gastelois P.L., Morais P.C., & Coaquira J.A.H. (2024) Structural, morphological, and magnetic characterizations of  $(\text{Fe}_{0.25}\text{Mn}_{0.75})_2\text{O}_3$  nanocrystals: A comprehensive stoichiometric determination. *Materials Chemistry and Physics*, 328, 129943. <https://doi.org/10.1016/j.matchemphys.2024.129943> (in Eng.).
- Mataev M., Sarsenbaeva Z., Keskin B., Nurbekova M., Meldeshov A., Tursyn Z., & Seitbekova K. (2024) Synthesis, Structure, and Electrophysical and Electrochemical Properties of Novel Composite  $\text{La}_0.9\text{MnO}_3\text{-LaFeO}_3$ . *Molecules*, 30(1), 132. <https://doi.org/10.3390/molecules30010132> (in Eng.).

Matou T., Takeshima K., Anh L.D., Seki M., Tabata H., Tanaka M., & Ohya S. (2017) Reduction of the magnetic dead layer and observation of tunneling magnetoresistance in La<sub>0.67</sub>Sr<sub>0.33</sub>MnO<sub>3</sub>-based heterostructures with a LaMnO<sub>3</sub> layer. *Applied Physics Letters*, 110(21). Scopus. <https://doi.org/10.1063/1.4984297> (in Eng.).

Mohanta N., Dagott, E., & Okamoto S. (2019) Topological Hall effect and emergent skyrmion crystal at manganite-iridate oxide interfaces. *Physical Review B*, 100(6), 064429. <https://doi.org/10.1103/PhysRevB.100.064429> (in Eng.).

Nahrstedt V., Stadler D., Fischer T., Duchoň T., Mueller D.N., Schneider C.M., & Mathur S. (2021) Molecular Level Synthesis of InFeO<sub>3</sub> and InFeO<sub>3</sub>/Fe<sub>2</sub>O<sub>3</sub> Nanocomposites. *Inorganic Chemistry*, 60(6)7 — P. 3719–3728. <https://doi.org/10.1021/acs.inorgchem.0c03425> (in Eng.).

Przybytek J., Markovich V., & Jung G. (2018) Meyer-Neldel rule in the conductivity of manganite single crystals. *Physical Review B*, 98(11). Scopus. <https://doi.org/10.1103/PhysRevB.98.115159> (in Eng.).

Ramya K., Bharadwaj S., Pola S., Okram G.S., & Kalyanalakshmi Y. (2025) Role of divalent doping at A-sites (A=Ca<sup>2+</sup>, Sr<sup>2+</sup>, Ba<sup>2+</sup> & Pb<sup>2+</sup>) on thermoelectric and magnetoresistive properties in La<sub>0.67</sub>(Bi<sub>0.0835</sub>Na<sub>0.0835</sub>)A<sub>0.165</sub>MnO<sub>3</sub>. *Journal of Alloys and Compounds*, 1010, 177464. <https://doi.org/10.1016/j.jallcom.2024.177464> (in Eng.).

Zhang B., Seki M., Zhou H., Chen J., & Tabata H. (2020) InFeO<sub>3</sub> photoelectrode with two-dimensional superlattice for visible- and ultraviolet-light-driven water splitting. *APL Materials*, 8(5), 051107. <https://doi.org/10.1063/5.0003251>(in Eng.).

Zhang X., Rao R., Yu H., Meng J., Sun Y., Zhang K., Zheng G., & Ma Y. (2024) Magnetic properties of CoFe<sub>2</sub>O<sub>4</sub>/La<sub>0.7</sub>Ca<sub>0.3</sub>MnO<sub>3</sub> composite under pressure. *Ceramics International*, 50(21)7 — P. 44293–44302. Scopus. <https://doi.org/10.1016/j.ceramint.2024.08.278> (in Eng.).

Zhou Y., Liu P., Chen Y., Yang B., Li B., Liu F., & Liu X. (2023) Ferroelectricity induced by non-symmetry of A-site cations in hexagonal antiferromagnetic In<sub>1–x</sub>Yb<sub>x</sub>FeO<sub>3</sub> (x = 0.1, 0.2, 0.3) perovskites. *Journal of Rare Earths*, 41(12)7 — P. 1990–1995. <https://doi.org/10.1016/j.jre.2023.01.007> (in Eng.).

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

**[www.nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)**

**<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>**

**ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)**

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 29.09.2025.

Формат 60x88<sup>1</sup>/<sub>8</sub>. 18,0 п.л.

Заказ 3.

---

*«Central Asian Academic Research Center» LLP*

*Алматы, Қонаев к-сі, 142*